

Иондаушы сәулелену көздерін Қазақстан Республикасына әкелуге рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 23 қараша N 1752

"Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 P971037_ қаулысына және "Қазақстан Республикасында экспорттық бақылауды жүзеге асырудың тәртібі мен Қазақстан Республикасына әкелінетін экспорттық бақылауға жататын өнімді пайдалану жөніндегі міндеттемелерді ресімдеу және олардың атқарылуын бақылаудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 14 желтоқсандағы N 1919 P991919_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Бейкер Хьюз Сервисез Интернешнл, Инк." корпорациясына (Қазақстан Республикасының аумағында Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 64 мекен-жайы бойынша филиалы бар) "Бейкер Хьюз Сервисез Интернешнл, Инк." (3900 Essex Lane, Houston, Texas, USA) корпорациясы мен Қазақстан Республикасындағы "Бейкер Хьюз Сервисез Интернешнл, Инк." корпорациясының филиалы арасында 2000 жылғы 15 наурызда жасалған N 144 келісім-шартқа сәйкес қосымшада көрсетілген 140 иондаушы сәулелену көзін (СЭЖ ТН коды 284440) Қазақстан Республикасына әкелуге рұқсат е т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "Бейкер Хьюз Сервисез Интернешнл, Инк." корпорациясына иондаушы сәулелену көздерін әкелуге лицензия Z952200_ берсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитеті кеден

Z960009_

заңнамасында белгіленген тәртіппен жоғарыда көрсетілген өнімге кедендік бақылау жасауды және оның кедендік ресімделуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитетіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 23 қарашадағы
N 1752 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасына әкелінетін иондаушы сәулелену
көздерінің тізбесі

N	Атауы	Активтілігі	Саны (бірліктер)
1.	Радий-226 (Ra 226)	93 KBq	4
2.	Цезий-137 (Cs 137)	74 GBq	3
3.	Цезий-137 (Cs 137)	19.98 MBq	4
4.	Америций 241 берилдік (Am 241 Be)	14.8 GBq	4
5.	Америций 241 берилдік (Am 241 Be)	666 GBq	3
6.	Торий-228 (Th 228)	370 KBq	2
7.	Цезий-137 (Cs 137)	370 MBq	2
8.	Америций 241 (Am 241)	18.5 MBq	2
9.	Америций 241 берилдік (Am 241 Be)	2.76 MBq	2
10.	Америций 241 (Am 241)	18.5 MBq	2
11.	Сутегі 3 (H3)	370 GBq	2
12.	Цезий-137 (Cs 137)	3.7 GBq	2
13.	Кобальт-60 (Co 60)	Алмасып тұратын	100
14.	Цезий-137 (Cs 137)	74.00 GBq	1
15.	Америций 241 берилдік (Am 241 Be)	185.00 GBq	1
16.	Америций 241 берилдік (Am 241 Be)	1.11 GBq	1
17.	Америций 241 берилдік (Am 241 Be)	1.11 GBq	1
18.	Америций 241 (Am 241)	37.00 MBq	1

19.	Америций 241 (Am 241)	37.00 MBq	1
20	Цезий-137 (Cs 137)	3.70 MBq	1
21.	Цезий-137 (Cs 137)	1.85 MBq	1
	Жиыны	140	

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.